Балалардың үйге қайтуы	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.

Бекітемін

«Дидар –Нур» ЖШС балабақшасының

әдіскері: Г.Қ.Асауова

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дидар –Нур »ЖШС балабақшасы

Топ :«Күншұақ» ортанғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 04.01 - 06.01.2023 жыл

Тәрбиеші;Кенжалы .А.С

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау			Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру			Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. «Машина» Мақсаты: Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру. (Сурет салу)	Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. «Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. (Көркем әдебиет)
Балалардың дербес іс – әрекеті			Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап» Мақсаты: түстерді сәйкестіндіру Есімін атағанда жауап беруге дағдыландыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	«Менің Отаным» өлең Мақсаты: Отан туралы түсінік беру. Өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, музыка)	«Түлкі» Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкінімүсіндеп үйрету.Ертегімен таныстыру. (Мүсіндеу)

			беруге дағдыландыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	(Сөйлеуді дамыту,музыка)	таныстыру. (Мүсіндеу)
Таңертеңгі жаттығу			Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Аюдың апанында» Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Көлеңке» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Көжектер мен түлкі» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа,ұйымшылдыққа үйрету. (дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)
Таңғы ас			Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (Сөйлеуді дамыту)	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап.	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. (Жапсыру,құрастыру)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, жүре алады. (Қоршаған ортамен таныстыру,музыка)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Түстес ыдысқа сал» дидактикалық ойын: Мақсаты: түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. (Математика негіздері)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			«Жабайы аң - аю» Мақсаты: Балаларды бірнеше бөлікеген тұратын заттарды мүсіндеуге үйрету. Бөліктерді біріктіруді жетілдіру, жануарлардың мүсінін жасауды үйрету. (мүсіндеу,жапсыру)	«Қыс әні» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. (Музыка) «Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын: Мақсаты: қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. (Математика негіздері,құрастыру)	«Жүру» Мақсаты: Нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру. «Қыс»(өлең) Мақсаты: Балаларға «Қыс» өлеңін оқып беру, түсіндіру. Жаттату арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Суреттер бойынша әңгімелеу.Сөздік қорларын дамыту. (Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық			Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
Серуен			Бақылау: Ауладағы құстарды бақылау Мақсаты: Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек:Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.	Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты:ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру. Еңбек: Жолды қардан тазалау. Мақсаты: аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім	Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек: Ағаштар түбін қармен көму. Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға

			Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру. Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз». Мақсаты: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)	аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	тәрбиелеу.. Қимылды ойын: Қар лақтырып ойнау Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу			«Қыс» (Өлеңді жаттау) Мақсаты: Өлең арқылы қыс мезгілінің ерекшелігін түсіну. Табиғатты жақсы көруге тәрбиелеу. (Көркем әдебиет)	«Мұзға бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау, жылы жерге әкеліп еріту, ойын арқылы бақылау жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру)	«Далада қар жауып тұр» Мақсаты: Үлкен және кішкентай домалақ қарларды жасауды үйрету. Қатырма қағазға бедерлеу тәсілін орындау. (жапсыру) «Әртүрлі түстегі қақпалар» Мақсаты: Пішіндердің көмегі арқылы қақпаның суретін дұрыс сала білуді үйрету. (сурет салу)
Түскі ас			Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. Ас мәзірімен таныстыру.	Бата беру Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесек, Тілегің қабыл болсын!
Күндізгі ұйқы			«Жақсы жатып, жайлы тұр!» (музыка)	«Қызыл телпек» ертегісі әңгімелеп беру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	«Әлди-әлди, ұйықтай ғой» Әнін тыңдату. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,			«Әтеш ұйықтап жатыр» Арқасымен жату, қол	«Басты бұру» Төсекте отыру, қол	«Алақаныңды көрсет» Қолдары иықта,

сауықтыру шаралары			басында, аяқ бірге. Аяқ пен қолды жоғары көтеру, Әтеш оянды. Әтеш бидай іздейді.	белде, басты оңға бұру, Қалыпқа келу. Қайталау, сол жаққа Қалыпқа келу.	Қолдарды алға созу, алақан көрсету. Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.
Бесін ас			Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.
Балалардың дербес әрекеті			Санамақ «Отбасы» Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым – атам Балан үйрек – әжем Ортан терек – папам Шылдыр шүмек – анам Кішкентай бөбек – мен! (қазақ тілі)	«Қолғап» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. (жапсыру) «Ағаштардың суретін саламыз» Мақсаты: Қылқаламмен және бояудың көмегімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (сурет салу)	«Қоян бауырсақты кездестірді» Мақсаты: Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерберінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету. (Мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс			Абдурахман, Даяна, Тұрар «Үй жануарлары» Мақсаты: Білімділік: балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету, олардың төлдерін	Шерхан, Айнамкөз, Әсия «Кел санайық» Санамақ Мақсаты: Сан мен зат атауын байланыстырып айта алуға	Айсана, Аяулым, Биғалым «Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру» Мақсаты: Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды

			ажыратуға дағдыландыру. Жануарлардың суретін салу әдістерін үйрету. (Сурет салу,сөйлеуді дамыту)	дағдыландыру. Бір дегенім-бесік Содан шықтың өсіп, Екі дегенім-елім, Далам,тауым,көлім... (Қазақ тілі)	көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. (Құрастыру)
Серуенге дайындық			Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.
Серуен			Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. «Қыс ғажайып мезгіл» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері,қыс мезгіліндегі табиғаттағы тіршілік туралы білімдерін кенейту. тапсырмаларды орындау арқылы қыс мезгілінің айырмашылықтарын айқындау. Қыс мезгілін толық сөздермен сипаттауға үйрету. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	«Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу. (дене шынықтыру)	«Үйшік» Мақсаты:Үйшік ертегісімен таныстыру. Рөлдерді бөліп ойнауға үйрету. (көркем әдебиет) «Үй жануарлары » Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету. Үй жануарларының адамдарға тигізетін пайдасы туралы айту. (қоршаған ортамен таныстыру)
Балалардың дербес әрекеті			«Сиқырлы қораптар» Мақсаты: Сиқырлы қораптар туралы түсінік	«Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру.	«Отбасы» Мақсаты: отбасы мүшелерін атай алуға, «Ә» дыбысын дұрыс

			беру. Құрастыруға қалыптастыру. (Құрастыру,математика негіздері)	Саңырауқұлақты мүсіндеуге үйрету. (мүсіндеу)	айтуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (Қазақ тілі) «Сикырлы пішіндер» Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыру, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру. (математика негіздері).
Балалардың үйге қайтуы			Ата-анаға: «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	Кеңес: «Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?	Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.

Бекітемін _____

«Дидар –Нур» ЖШС балабақшасының

әдіскері: Г.Қ. Асауова

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дидар –Нур» ЖШС балабақшасы

Топ: «Күншұақ» ортанғы топ

Балалардың жасы : 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 09.01 - 13.01.2023 жыл

Тәрбиеші: Кенжалы А. С

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. «Үй жасаймыз» Қиынды суреттермен жұмыс Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. «Дымбілемеске көмектесеміз» Мақсаты: Дауысты, дауысыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Сөздегі басында және соңында тұрған дыбыстарды анықтауды үйрету. (Қазақ тілі)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру. (Дене шынықтыру)	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (Математика негіздері)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. «Оң және сол» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (Математика негіздері)
Балалардың дербес іс – әрекеті	«Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау	Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап» Мақсаты: түстерді сәйкестіндіру Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және	«Түлкі» Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкінімүсіндеп үйрету.Ертегімен таныстыру. Сопақша	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап	Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.

	қабілеттерін дамыту. (Математика негіздері)	фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;. (Қоршаған ортамен таныстыру)	пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексازдан мүсіндеуге үйрету. (Мүсіндеу)	әдемілеп жүруге үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Алақай!» өлені. Мақсаты: «Алақай!» шығармасымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жатқа айтуға үйрету. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. (қазақ тілі)	(Құрастыру)
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Аюдың апанында» қимылды ойын Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 Қимылды ойын:«Көлеңке» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Ұшты-ұшты» Қимыл-қозғалыс ойыны Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Мысық пен тышқан» қимылды ойын Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа үйрету. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Допты қуып жет» қимыл қозғалыс ойыны (дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)
Таңғы ас	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» (Қазақ тілі)	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. (Сөйлеуді дамыту)	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме (Көркем әдебиет)	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап.	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. (Сурет салу,жапсыру)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. (Көркем әдебиет)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. (Қоршаған ортамен танысу)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алуға дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту,музыка)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алуды игерту.Шыршаның бейнесін мүсіндету. (Мүсіндеу,математиа негіздері)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Бақа» Мақсаты:тізені биікке көтере отырып жүру. (дене шынықтыру) «Гүл» Мақсаты: қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып бақбақ гүлін жасай білуге үйрету. (кұрастыру)	«Жүгіру жаттығулары» Мақсаты: Қимыл бағытын сақтап, саптізбекте бір бірден жүгіруді үйрету. Жіп бойымен жүруде басын дұрыс қоюды сақтай білуді бекіту. Мен – үлгілі баламын. «Р» дыбысын үйрету. Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. (дене шынықтыру, қазақ тілі)	«Бауырсақ» ертегісі Міндеті: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру.Бауырсақтың суретін салғызу және сары түсті қағаздан жапсырту. Жетпес бөліктерін ермексайдан мүсіндету. (Көркем әдебиет,сурет салу,мүсіндеу)	«Аңдардың айтысы» Мақсаты: Әннің динамикалық реңін жеткізе орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын жеткізе білуге талпындыру. Ұрмалы аспапта әуеннің ырғағын көрсете білуге, металлофонда орындауға үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру. «Қыс»(өлең)	«Жүгіру» Мақсаты: Әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру. «Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту. (Дене шынықтыру, математика негіздері)

				Мақсаты: Балаларға «Қыс» өлеңін оқып беру, түсіндіру. Жаттату арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту.Қиылған қағаздардан қардың бейесін құрастырту. (музыка,құрастыру, сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.
Серуен	Бақылау: Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру. Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету. Қимылды ойын: «Ку түлкі» Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)	Бақылау: Қардың түсуін бақылау Мақсаты:Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қардың түсуі туралы білімдерін молайту. Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қимылды ойын «Ыстық-суық». Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру)	Бақылау: Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты:Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту. Еңбек:Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты жүгіруге жаттықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты:Ағаштар туралы білімдерін бекіту.Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. Еңбек:Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?» Мақсаты:Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау. (қоршаған ортамен	Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: өлі табиғат туралы білімдерін байыту, табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Еңбек:Сырғанақ төбешік соғу. Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «ең мерген кім?» Мақсаты:Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. (қоршаған ортамен

				таныстыру)	таныстыру)
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. (Сөйлеуді дамыту)	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Далада қар жауып тұр» Мақсаты:Үлкен және кішкентай домалақ қарларды жасауды үйрету. Қатырма қағазға бедерлеу тәсілін орындау. (қоршаған ортамен таныстыру)	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті Тағамды асықпай жеу керек.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Бата беру Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесен, Тілегің қабыл болсын!
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» ертегі (көркем әдебиет, музыка)	«Ойыншықтар» әнін тыңдату. (музыка)	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» (музыка)	«Қызыл телпек» ертегісі әңгімелеп беру. (көркем әдебиет)	«Әлди-әлди,ұйықтай ғой» Әнін тыңдату. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет)	Ойын «Жаз бен күз» Оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет)	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	«Кім әлі ұйқыда? Тұру керек» Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.	«Оянайық бәріміз» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.

Балалардың дербес әрекеті	«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина және дөңгелектерін мүсіндеу. (мүсіндеу)	Шығармашылық жұмыс Мақсаты:Ертегіні оқи отырып, мазмұнын суреттер арқылы түсіндіре алуға үйрету. (Көркем әдебиет) "Қар жауып тұр(мақталы таяқша арқылы) Мақсаты:Таяқшаларды қолдану арқылы сурет салу тәсілін үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу, мақталы таяқшаны қолдана отырып, қызығушылығын арттыру. (Сурет салу)	«Қандай пішін» Мақсаты: Заттарды пішіндермен сәйкестендіре отыра,тез таба білуге.жылдамдыққа үйрету. (математика негіздері) «Доп» Мақсаты: Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту, ермексаздан жұмыр пішінді ойыншық доп жасауды үйрету; қол қимылының үйлесімділігін, домалақ пішінді жасауды меңгерту. (мүсіндеу)	«Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (қазақ тілі)	«Әдемі моншақ» Мақсаты: ермексаздан мүсіндеуге қызығушылықтарын туғызу, ұсақ саусақ қол қимылын дамыту, жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу,әшекей бұйымдарды мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. (Мүсіндеу) «Көп қабатты үй» Мақсаты: Құрылыс материалын (үлкен,кіші) пайдаланыпбір немесе көп қабатты үйлерді құрастыра білуге үйрету. (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	(Жапсыру,сурет салу,математика негіздері) «Бағдаршам» Мақсаты:Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. Асылым,Айзере,Арсен	(құрастыру,математика негіздері) «Әдемі кілемшелер» Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Аруназ,Фируза	(Құрастыру) «Үй құрастыру» Мақсаты: Адамдардың баспаналары туралы балаларға мәлімет беру. өздігінен іс-әрекет жасай білуге үйрету. Абдурахман,Даяна,Тұрар	(математика негіздері) «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Алияр,Көзайым	(сурет салу,жапсыру) «Автобус» Сурет салуда геометриялық фигураларды пайдаланып автобус суретін салуды үйрету, сурет салу кезінде қаіпсіздік ережелерін сақтау, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Өз еріктері бойынша автобус бейнесін желімдету. Айсана,Ерқанат,Айбар
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді	Балаларды табиғатпен таныстыру.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді

		қадағалау.		балалар орындарына тұру.	қадағалау.
Серуен	«Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп, өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігімен дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. (Қоршаған ортамен таныстыру)	«Өлі және тірі табиғат» Мақсаты: Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды өлі және тірі табиғат туралы,жан-жақты түсінік беру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	«Оң және сол» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (дене шынықтыру)	«Қыста не киеміз?» Мақсаты: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылды ойын: «Аттамақ» Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	«Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Балалардың дербес әрекеті	«Менің көңілді добым» Мақсаты: Ойыншық туралы әңгіме құрастыруды үйрету. «Добым» Ш.Смаханұлы. Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, қутындайсың, Бірақ менен құтылмайсың. (қазақ тілі)	«Құстардың ұясы» (қағазбен жұмыс) Мақсаты: Құстар туралы түсінік пен олардың адамға деген пайдасы туралы жетілдіру. Заттарды қағаз материалдарынан құрастырып, жапсыра білуге үйрету. (жапсыру) «Балабақшадағы әр түрлі доптар» Мақсаты: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып,сазбалшықпен мүсіндеуге үйрету.Тазалыққа,	«Қыс» Мақсаты:Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. «Қ», «І», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (қазақ тілі) «Кеме» Мақсаты: Балаларға жыртылған қағаздан кеме жасауды және қағаз бетіне дұрыс жапсыруға үйрету. (жапсыру)	«Доп» Мақсаты: затты-доптың суретін салуды үйрету.шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту.Салған суретті ақ қағазға желімдету, жетпес бөліктерін мүсіндету. (сурет салу,жапсыру, мүсіндеу)	«Жануардың дауысын сал» Мақсаты: дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру. (қазақ тілі) «Туған өлкенің өсімдіктері» Мақсаты: Туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру)

		ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мүсіндеу)			
Балалардың үйге қайтуы	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.

Бекітемін АБ

«Дидар –Нур» ЖШС балабақшасының
әдіскері: Г.Қ. Асауова

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дидар –Нур» ЖШС балабақшасы

Топ :«Күншұақ» ортанғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 16.01 - 20.01.2023 жыл

Тәрбиеші: Кенжалы .А.С

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Мақсаты: Балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту, жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Суретпен жұмыс: «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды - алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. (Дене шынықтыру)	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. «Көңілді қыс» Мақсаты: Балалардың коммуникативтік құзреттілігін таныту. (Көркем әдебиет)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. «Ажарлы қыс» ертегі Мақсаты: Тақырыпты суретпен жұмыс жасай отырып түсіндіру. Суреттер бойынша әңгімелеу. (Сөйлеуді дамыту)
Балалардың дербес іс – әрекеті	«Құрылысшы» Мақсаты:Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.	Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. (Құрастыру)	«Қар кесегі» Мақсаты: Балаларға қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің	«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу.	Дидактикалық ойын: «Өз туынды тап» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету.Қарындашпен

	Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. (Құрастыру)	Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. (Құрастыру)	суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. (Сурет салу)	(Математика негіздері)	тудың суретін бейнелету. (Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу)
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Лақтыр да, қағып ал» Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 «Қайда жасырылғанын тап» Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 « Ақ қоян » Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 « Ақ сандық, көк сандық » Мақсаты: Күштілікке, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. (Сөйлеуді дамыту)	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Ас қайыру тақпағы: Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Мерекелік дастархан» Мақсаты: Мерекелік дастархан туралы түсінік беру. Дастарханның суретін салуды меңгерту.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты:Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. (Қоршаған ортамен	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Отшашу туралы түсінік беру. Қауіпсіздік шараларын түсіндіру.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Шаштараз қалай жұмыс істейді? Мақсаты:Шаштараз жұмысы туралы және Құрал-жабдықтарын атауға үйрету. (Қоршаған ортамен

	(Сурет салу)	(Жапсыру)	танысу)	(Сурет салу)	танысу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Сырғанау» Мақсаты: Ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. (дене шынықтыру, музыка)	«Шанамен сырғанау» Мақсаты: Оңға және солға бұрылып шанамен сырғанауды үйрету. (дене шынықтыру) Заттық мүсіндеу «Тостаған» Мақсаты: Халық бұйымдардың сарыны бойынша ыдысты мүсіндеуді, сау-сақпен басу тәсілі арқылы іші бос заттарды жасауды үйрету, игерген мүсіндеу тәсілдерін бекіту. (мүсіндеу)	Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше, Неше кесе Сынды кеше. (сөйлеуді дамыту)	«Ормандағы жануарлар» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін дамыту. (музыка) «Көкөністер мен жемістер» Мақсаты: көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Таза ауадағы қысқы ойындар» Мақсаты: Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындар мен таныстыру. Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру. (Дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.
Серуен	Бақылау: Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек : Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру. Қимылды ойын:	Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты:ағаштар туралы білімдерін молайту. Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру. Еңбек: Жолды қардан тазалау. Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.	Бақылау: Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты:Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру, сөздік қорларын байыту. Еңбек: Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге	Бақылау: Желді бақылау Мақсаты:өлі табиғат туралы білімдерін байыту.Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Еңбек: Сырғанақ төбешік соғу Мақсаты: бір-біріне	Бақылау: Боранды күнді бақылау Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты:Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға

	«Нысанаға тигіз» Мақсаты: қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. (қоршаған ортамен таныстыру)	Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	үйрету.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын : «Ең мерген кім?» Мақсаты:Заттарды лақтыруға жаттықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Желдиірмен» Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. (қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. (Сөйлеуді дамыту)	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.
Түскі ас	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті Тағамды асықпай жеу керек.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Бата беру Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесен, Тілегің қабыл болсын!
Күндізгі ұйқы	«Үлкендерді сыйлау» Әңгіме (көркем әдебиет)	«Қуыр-қуыр-қуырмаш» (Музыка)	«Бала, бала, балақан» (Музыка)	«Үй жануарлары» Әңгіме (сөйлеуді дамыту)	«Әлди-әлди,ұйықтай ғой» Әнін тыңдату. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Майтабанның алдын алу. Жаланааяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар . Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз (3- 4 рет)	Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр»	"Құстар көңілденіп жатыр" Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.

	тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті	«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу,суретін салу және жапсырту. (математика негіздері,мүсіндеу, сурет салу,жапсыру)	«Балабақша айналасындағы қақпалар» Мақсаты:Тік төртбұрыш периметрі бойынша кірпіштерді белгілі бір аракашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға үйрету. (құрастыру,математика негіздері)	«Машина» Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру. Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру. Жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру. (Сурет салу,жапсыру, математика негіздері)	«Қуыршаққа арналған көйлек» Мақсаты:Қуыршақтың киімдерінің түстері туралы түсінік беру. Қызыл, сары, көк, жасыл түстері туралы білімдерін кеңейту.Көйлектің бейнесін бейнелетіп, желімдету. (математика негіздері,сурет салу,жапсыру)	«Қыс нышандары» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктеріне байланысты суреттерді табу, қардың бөлігін мүсіндету. (Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	(қазақ тілі) «Қысқы киімдер» Мақсаты:Қысқы киімдердің аттарын меңгерту. «Ы» , «І» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Арсен,Биғалым, Көзайым	(көркем әдебиет) «Танып атын ата» суретті кітапшалармен жұмыс Мақсаты: тануға және көрсетуге дағдыландыру. Әсия,Шерхан,Ғалиасқар	(Қазақ тілі) «Жаңылпашты тез қайталайық» Алашаларды Таба алса, алар. Үміт түбіт түтті, Түбітті түтіп бітті. Асылым,Аруназ, Айсұлтан	(Құрастыру,мүсіндеу) «Балапандар» Мақсаты: Балаларды қағаздан балапандарды жасау үйрету. Қағазды уjamдау арқылы балапанды құрастыруға болатынын түсіндіру.Балапанның мүсінін мүсіндету. Ғазиз,Тұрар,Алияр	(математика негіздері,құрастыру) «Қар бүршіктері» Мақсаты: балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасауға болатынын түсіндіру. Даяна,Ерқанат, Мейірлан
	Балалардың киіну реттілігін бақылау	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балаларды табиғатпен таныстыру.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.
Серуен	« Қар қиыршықтарын қарастыр» Тәжірибе: Балалар қар	«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту	«Андар қысқа қалай дайындалады?»	«Құстарды тап» Мақсаты:	«Қыс туралы әңгіме» Мақсаты: Балаларды табиғатта болатын

	қиыршықтарын қарастыруда. Қармен тәжірибе. Стаканға қар салып топқа алып келу. (қоршаған ортамен таныстыру)	жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. (Сөйлеуді дамыту) «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты:Бөлме гүлдерінің құрылысымен таныстыра отырып, олардың айырмашылығын көріп,айтып беруге үйрету.Өсімдіктің өсуіне жарық,ылғал,ауа,қалыпты температура және адамдар күтімінің қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейту. (қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу.Андардың қимылдарын салу. (Қоршаған ортамен танысу,дене шынықтыру)	жануарлардың арасынан тек құстарды табу. (Көркем әдебиет, дене шынықтыру)	қыстың алғашқы өзгерістерін байқауға үйрету. Байқағыштықты және себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуді дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру) «Ойыншықтар» Мақсаты: ойыншықтарды қазақша жеке, көпше түрде дұрыс айтуға үйрету; сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуға жаттықтыру. (қазақ тілі)
Балалардың дербес әрекеті	«Үй жасаймыз» Қиынды суреттермен жұмыс. Мақсаты: логикалық ойлауға үйрету. (Құрастыру)	«Сандық» Мақсаты: Сандықты қазақтың ою өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Ою өрнек туралы түсіктерін қалыптастыру. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке ұқыптылыққа тәрбиелеу.Әшекейленген оюды ақ қағазға желімдету. (сурет салу, жапсыру) «Жұмбақ	«Шалқан» ертегісі Мақсаты: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру.Балалардың өз таңдаулары бойынша қағаздан шалқанды құрастыру және мүсіндету.Балалардың өз таңдаулары бойынша. (Көркем әдебиет, мүсіндеу, құрастыру)	«Дыбыстарды дұрыс айтып үйренейік» Мақсаты:Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшелігі туралы түсінік беру. (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыс туралы білімдерін жетілдіру. (қазақ тілі)	«Түстер» Мақсаты: түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту. Түрлі түсті қағаздардан жолақтар желімдету. (сурет салу,жапсыру)

		жаңылтпаштар» Мақсаты: Әртүрлі жұмбақтарды тез шешу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту қабілеттерін дамыту.Жаңылтпашты шатаспай тез айтуға машықтандыру. Бақбақ бақта бар, Бақада бақта бар. (қазақ тілі)			
Балалардың үйге қайтуы	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.

Бекітемін 

«Дидар –Нур» ЖШС балабақшасының
әдіскері: Г.Қ. Асауова

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дидар –Нур »ЖШС балабақшасы

Топ: «Күншұақ» ортанғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 23.01 - 27.01.2023 жыл

Тәрбиеші: А.С Кенжалы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу.
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. Суреттермен жұмыс «Жануарлар» Мақсаты: жануарларды танып, атауын айтып, жабайы және үй жануарларын ажырату. (қоршаған ортамен таныстыру)	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру. (Дене шынықтыру)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (Математика негіздері)	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Дидактикалық ойын: «Өз туынды тап» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Жіпке тізілген моншақтар (қағаздан құрастыру) Мақсаты: қағазды шиыршықтап, жіпке тізіп отырып, моншақтарды құрастыра білуді үйрету. және қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. (Құрастыру)
Балалардың дербес іс – әрекеті	«Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға	Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап» Мақсаты: түстерді	«Қар кесегі» Мақсаты: Балаларға	«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі» Мақсаты: Тұрмыстық	«Түлкі» Мақсаты: Балаларға

	«біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. (Математика негіздері)	сәйкестіндіру Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. (Сурет салу)	техника жайында мағлұмат беру. Адамгершілікке, елін сүйюге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	ермексазды пайдаланып отырып тұлкінімүсіндеп үйрету. Сопақша пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексаздан мүсіндеуге үйрету. (Мүсіндеу)
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 10 «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйретіп, түстерді ажыратуға, шапшаңдықтарын қалыптастыру. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 10 «Тақия тастамақ» Мақсаты: балалардың зейінің дамыта отырып,жылдамдыққа үйрету. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 10 «Көлеңке» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 10 «Көжектер мен түлкі» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 10 «Мысық пен тышқан» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету. (дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)
Таңғы ас	Танымдық әрекет. «Кім не жейді?» ойыны. Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру. жұмыстарын жүргізу.	Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	«Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	«Тазалық» туралы әңгіме жүргізу. Мақсаты: Тазалық туралы білімдерін толықтыру.	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Доп»	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Түстерді анықта?»	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Жиһаз»

	Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Қайшымен жұмыс. (жапсыру)	Мақсаты: Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру. (математика негіздері)	Қимылды ойын «Ұшады-ұшпайды» Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу (дене шынықтыру)	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар. (сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: Балаларға құрылыс материалдарынан жиһаз құрастыруға үйрету. Құрастыру әдістерін қалыптастыру, әдемілікке тәрбиелеу. (құрастыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Мұзды жолдармен сырғанау» Мақсаты: Ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. (дене шынықтыру) «Дуал» Мақсаты: тік және көлденең сызықтар арқылы дуал салуды үйрету. Гуашь бояуларымен және қылқаламмен жұмыс істеу машығын жетілдіру. (сурет салу)	«Таза ауадағы қысқы ойындар» Мақсаты: Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындар мен таныстыру. Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру. «Қыс» Мақсаты: жаңа сөздер үйрету, тілдерін жаттықтыру; қысқа сөйлеммен қыс ерекшеліктерін айтуға үйрету. (қазақ тілі,дене шынықтыру)	«Түлкі мен қоян» Түлкі қатты жортады, «Аб-абтан» ол қорқады. «Көлеңкемнен кетем» - деп, Қоян зытты секеңдеп. (Көркем әдебиет,дене шынықтыру)	«Аққала» Мақсаты: балалар әннің мағынасын тыңдауға және түсінуге, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбыстарын ажырата білуге, топпен ән айтуға және билеуге үйрету. Аққаланың бейнесін өз қалауларында суретін салып, түрлі түсті қағаздан желімдеп, ермексаздан мүсіндету. (Ұжымдық жұмыс) (музыка,сурет салу,жапсыру мүсіндеу)	«Төбеден шанамен сырғанау» Мақсаты: Шанамен төбеден сырғанауды жалғастыру. Шапшаңдық, ептілікті дамыту. (дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Бақылау: «Қардағы құс іздері»	Бақылау: Жеңіл көліктерді бақылау	Бақылау: Ағаштарды бақылау	Бақылау: Қар ұшқындарын бақылау	Бақылау: Қарғаларды бақылау

	Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Еңбек:Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты:Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру. Қимылды ойын «Ізбе із» Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. (қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Еңбек:Ауланы бірлесе отырып тазалау. Мақсаты : бірлесе еңбек етуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам» Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Еңбек:Жауған қарды ағаш түбіне үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді?». Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару. Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.Бастаған істі аяқтауға үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудару білу дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты:қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. қарғалардың тіршілігін бақылау. Еңбек Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу. Қимылды ойын «Пингвиндер доп ойнап жүр» Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. (қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.
Түскі ас	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.
Күндізгі ұйқы	«Үлкендерді сыйлау» Әңгіме (сөйлеуді дамыту,музыка)	«Қуыр-қуыр-қуырмаш» (Музыка)	«Бала, бала, балақан»	«Үй жануарлары» Әңгіме (сөйлеуді дамыту)	«Әлди-әлди,ұйықтай ғой» Әнін тыңдату. (Музыка)
Біртіндеп	Гимнастикалық	Тыныс алу жаттығулары	«Кім әлі ұйқыда? Тұру	«Кемпірқосақ жаса»	«Велосипед»

